

ШАНЫШҚЫЛЫ БЕРДІҚОЖА БАТЫР

“... Хан Абылай аттанды дегенді естіп,
Келіпті шанышқылыдан Бердіқожа...”

Мәнісі мол, жүгі ауыр осы бір өлең жолдарын алғаш рет аспирант кезімде, ежелгі жыраулар мұрасын айғақтап, қадым кітап, көне жазбаларды қопарыстаған сәтті күндердің бірінде, қазақтың барлық ескілікті сөзін көкірегіне түйген Мәшһүр-Жүсіптің “Мес” жинағынан ұшыратқан екем. Екі жүз жылдық Ойрат-Қазақ соғысының ақырғы, шешуші кезеңі, Абылай хан үш алашқа сауын айтып, қалмақтың бетін теріске бұрған әуелгі ұлы жорықтарының біріне дайындалып жатқан шағы болса керек. “Келіпті шанышқылыдан Бердіқожа”. Әрине, жалғыз емес. Соңында аз ба, көп пе, тастүйін жасағы бар...

Мәшекең таңбалаған тағы бір сөз:

“Мінгені Бердекемнің Қара ала аяқ...”

Көз алдыма ақбайпақ қара тұлпарға мінген, мұздай құрсанған жаужүрек жас батыр елестеген. Сол күннен бастап Бердіқожа есіміне назар аударып едім. Ғылым академиясының қолжазба қорында “Бердіқожа батыр” атты жыр бар екен. Арнайы алдырып көрдім. Шақпақ жол оқушы дәптеріне араб әрпімен жазылған. Көлемі әжептәуір, бірақ әлдебір ұмытылған эпостың екі бөлек үзігі сияқты, аяғы және жоқ – жақсылығын көре тұра көңілім толмады, іздегенім табылмаған. Әйтсе де, Бердіқожаның Абылай заманындағы атақты ер екені, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Керей Ер Жәнібек, Көкжарлы Барак батырлармен үзеңгілес серік, қарулас батыр болғаны аңдалған.

Бердіқожа есімі бұдан соң да, ескілікке қатысты әңгіме, жырлардан ұшырасып жүрді. Бірақ батырдың жеке басына қатысты әлденендей мағлұмат, нақты дерек байқалмады. Кейінірек, тіпті, күні кешеге дейін, ел аралаған әрқилы жол-сапарлар кезінде ескі көз қариялардан сұрастыратын едім. Әсіресе, Оңтүстік атырабы, Ташкент төңірегінде болғанда. Абылай Ойратты біржола талқандаған ақырғы жеті жылдық соғыс кезінде Ұлы Жүзде сіргелі, шанышқылы батырлары айрықша көзге түскен. Мен осы орайда Шанышқылы Бердіқожамен қатар, Шоқан жазған Сіргелі Елшібек, Бұқар жырау мадақтаған Қара Сіргелі Тілеуке батырлар турасында қаншама талап қылсам да, ешқандай дерек жолықпады. Кейінгі ұрпақтары атын да естімеген. Ауыл арасындағы тентек – ұлт батыры дәрежесіне жетіп, қамшы ұстаған байшікеш – көсем дәрежесіне көтеріліп, балпақ – болат танылып, ұлтан – ұлт тұлғасы деп жарияланған, Алаштың туын көтеріп, елін сақтаған аруақты батырлар қатардағы көптің біріне айналған, асқаралы алыптар атаусыз қалып жатқан бүгінгі күні,

әрине, тікелей ұрпақтары байлыққа жетпеген, аталас ағайыны билікке жетпеген басқа да арыстар сияқты, бір кезде қазақтың қайқы қара қылышы болған Бердіқожа батырдың есімі де ұмытылуға жақындаған еді. Әйтеуір мүлде ескерусіз қалмасын деп, “Қазақ тарихының әліппесі” атты кітабымда, Абылай заманындағы бас батырлардың қатарында атадым. Айтпақшы, “Аласапыран” тарихи роман-дилогиясында Шанышқылы Қабан батыр бар, әдеби кейіпкер, Бердіқожа батырдың құрметіне қойылған. Сонымен, Бердекем де риза, мен де болған сияқты едім. Жоқ, ақыры сол емес екен. Алпысқа келіп, мерейтой жетегімен ауылға, Оңтүстік өңір – Шыршық емес, Ленгір емес, Түркістан, Сайрам емес, Терістік-Шығыс – Семей, Шыңғыстау, Аягөз тарабына жол түскенде қарсы алдымнан шықты.

Ілкіде ғана, өз заманының саналы орысы, әскери қызметін де, бұдан соңғы бейбіт өмірін де Семей қамалында өткерген инженер-капитан И.Г.Андреевтің жарыққа кешеуілдеп шыққан жазбаларын оқып отырып, Бердіқожа батырға қатысты нақты әрі тың деректерге ұшырасқан едім. Енді, міне, ұлы бабамның тозған, көне күмбезінің басында тұрмын.

Мәшһүр-Жүсіп айтатын:

“...Дағандел өзенінің жағасына там салыпты, шошақ мола күні бұл күнгеше құламай тұр деседі. Дағандел өзені Қарқаралыға қараған елдің шетінде, Көкшетау, Дуана тауларынан көрініп тұрады дейді. Жүргіншінің қара жолының үстінде. Жетісуға барғандар Қозы Көрпеш – Баян тамын көрдік, Шанышқылы Бердіқожа батырдың тамын көрдік деседі...”

Мәшекеннің Бердіқожа туралы ел аузынан алған сөздері деректі әңгімеден гөрі ертегі, аңызға жуық еді, батырлық жайы емес, ағайынмен араздық жөнінде, сондықтан да жете назар аудармасам керек, қайткенде де, таң қаларлық жағдай. Таң қаларлығы, бұл – менің өз ауылымның шегіндегі жер еді. Рас, біздің ауылдың бір қиыры мен екінші қиыры үш жүз шақырым, Еуропаның қақ ортасындағы кейбір мемлекеттерден аумақты, жас кезімде ғана жүрдім, қартайғанша жүрсем де, барлық төбе, барлық зират, күмбезін түгендеп біту мүмкін емес, десе де, ақылға сыймас жағдай. Осы олқылықтың орнын толтырған – өзімнің бөле ағам, зейнеттегі байырғы журналист Төлеужан Сәрсенбаев болды. “Абылайдың атақты Бердіқожа батырының күмбезі табылды, – деген, алғашқы амандықтан соң. – Тура Мәшһүр-Жүсіп айтқан жерде тұр!”

Мән-жайды білісімен-ақ менің дегбірім қалмады. Арада екі-үш күн өтер-өтпесте тау-тасқа бапан, жолсызға жүрдек пәленбай деген машинамен батырдың басына аттандық. Өкшеміз көтерілген Баршатас ауылынан жүз елу шақырым – жарты күндік ауыр жүрістен соң аман-есен жеттік. Міне, ерекше толқып, сонымен қатар еңсеміз жазылып, көне күмбездің іргесінде тұрмыз. Батырдың басына арнайы тәуап етуге келген – алты адам екенбіз: әуелгі айғақшы, журналист Төлеужан Сәрсенбаев, Баршатас жарық жүйесінің бастығы, осы сапарға ұйтқы болған ер жігіт Жекен Сарқытбаев, журналист, фотограф Өміртай Лахан, шопыр бала Дәурен Қанатов, ең бастысы – бізді осы жұртқа бастап әкелген Кенже аға Қашымашымов және мен – жазушы Мұхтар Мағауин.

Күмбез қабырғасын жағалап, батырдың топырағын сипап, әуелгі көңіл толқыны үстінде тізе бүктік, Кенже аға бар мақамына келтіріп, құран оқыды. Бұдан соң Өміртай бауырым Бердіқожа күмбезін әр тарабынан суретке түсірді, бәрімізді тобымызбен және жекелей тағы түсірді. Осыдан соң ғана көне күмбездің бітіс-болмысын, жер ыңғайын байыптаған едім.

Доғал бұрышты шаршы күмбездің төрт қабырғасы төрт тарапқа бағыттталыпты, қазіргі қалқиып тұрғаны – шығыс және түстік беті. Әдетте, бұл өңірдің көне күмбездерінің барлығы да жел өті – солтүстік-батыс бүйірінен тесіле жұқаратын. Бердіқожа күмбезі де дәл осылай тозған екен, қазір бұл тараптағы қос қабырға жауын мен желден үгіліп бітіп, қалдығы үйінді болып жатыр. Әлбетте, қабырға кеткен соң күмбездің төбесі де құлайды, өзіміздің бала күнімізде бүтін тұрған, немесе жаңа ғана тесіле бастаған күмбездердің көбінің шошағы кетілгенін, жарты шеңбері ғана қалғанын осы сапарда да көріп едім. Бердіқожа күмбезінің төбесі ортасына түскен, сақталғаны – екі қабырға ғана, оның өзінің төменгі бөлігі.

Күмбез доғал төрт бұрышты дедік. Бұл өңірде мен көрмеген үлгі. Әдепкідей, жалпақ, шаршылы, шикі кірпіштен өрілген, ішкі бетінен андалғандай, көлбей қаланған; сырттан тозып, әуелгі қалыңдығы екі еседей жұқарған жуан қабырға кісі бойы қол ұсынымнан соң иіле еңкейіп, толқымалы, әдемі күмбез құрғаны байқалады. Оңтүстік-шығыс бұрыштағы, қазіргі сақталып тұрған иіннің бітісі осыған мегзейді. Күмбез қабырғаларының ұзындығы шамамен сегіз метрден екен. Заманында аса зор болған. “Біз көргенде күмбез ортасына түскен, бірақ қалған бөлігі қазіргіден биігірек еді”, – дейді Кенжекең. “Шамамен екі жүз жыл болған шығар-ау...” – дейді Төкең. “Екі жүз он төрт жыл, – дедім мен. – Бердіқожа 1786 жылы қаңтарда қаза тапқан, күмбезі сол жылғы жаздан аспауға тиіс”. “Мен көргенде бұл жер Шоқан совхозының жайлауы еді, – дейді Кенжекең. – Осында тура отыз бес жыл бойы бас мал дәрігері болдым. Бердіқожа күмбезі, Бердіқожаның басы деген – біз үшін үйреншікті қоныс аты. Көбіне Бердіқожа дей саламыз. Үлкен кісілер сондай батыр екен дейді, қалмақпен соғыста өліпті, бірақ қайдан шыққан батыр, не істеген, нақты қандай ерлігі болған – оған ой салмайсың, сұрастыруға мұршаң жетпейді, бізде мал басын өсіріп, сақтаудан басқа қам болған жоқ қой, енді ғана өткенімізді түгендеп жатырмыз... Сонда да, – дейді Кенжекең, – аруақты кісі екенін білетін едік. Бірде, әлі есімде, 1965 жылы 22 июнь күні, осы жайлауда, жаңа қырқымнан соң бұршақ жауып, бір ғана Шоқан совхозынан тоғыз мың қой үсіп өлді. Сонда осы Бердіқожаның түбінде Балтабек деген шопан отыр еді, Жұмабеков, осы Балтабектің бір тоқтысы шығынға ұшырамады; әрине, Балтабек қойын күмбездің ығына, қырқа астына салған, бірақ мұндай ықтасын басқа жұртта да бар, біз бұл жағдайды батырдың қасиетіне баладық, Балтабек мал шалып, арнайы құран оқытып еді...” “Марқұм Шайқы ақсақал да осы маңайда отырыпты ғой, – деді Төкең сөзге араласып. – Сол кісінің баласы Жанат Тілеужанов айтады. Әкем айтып отырушы еді дейді. Бердіқожа – Қабанбай сияқты, Ақтамберді мен Ер Жәнібек сияқты, ол да Абылайдың

бас батырларынан екен. Қалмақпен соғыста өліпті, денесін шапқылап тастаған екен, алып жүре алмай, бір саусағын ғана кесіп әкеліп, осы араға жерлеп, басына күмбез тұрғызыпты дейді”. “Тағы қандай әңгіме бар?” – дедім мен. “Бар әңгіме осы, – деді Төкең. – Білсе осы Кенжекең білсе керек еді. Бірталай жұрттан сұрастырып көрдім. Осында ферма бастығы болған Әбибек Мұқатов, өзіңе таныс Құрмашев Майдан, зоотехник, бөтен әңгіме білмейді, күмбездің және қоныстың Бердіқожа аталатынын ғана айтады”. “Сонысының өзі үлкен айғақ, – дедім мен. – Өтірік тарих өріс алып тұрған заманда сіздің шын сөзіңіздің өзін теріске шығармасына кім кепіл. Бірақ, – дедім, – Мәшһүр-Жүсіп ақсақалдың куәлігінің өзі жетіп жатыр. Дағандел өзенінің жағасында, шошақ мола, Дағандел өзені Көкшетаудан көрініп тұр дейді ғой. Сол Көкшетау – анау болар”, – дедім, терістік бет, шамамен он бес-жиырма шақырым жердегі әдемі, көгілдір тау жотасын нұсқап. “Иә, Көкшетауымыз осы”, – деді Кенжекең. Бұл – баяғы Құнанбай қажы әкесі Өскенбай биге ас берген жер. Ескіше айтқанда, керей, қаракесек, таракты, дадан тобықты, төлеңгіт елдері тоғысатын тұс. “Дағандел өзені, міне, күмбездің іргесінде, аяқ астында жатыр, – деді Кенжекең. – Біз көргенде әжептәуір суы бар еді, қазір үзіліп қалған, көп жері құрғақ арна ғана. Ал енді мына қараңыз. Дәл осы күмбезге жете бере екі арна тоғысқан. Бергі, сол жақтағысы – Ащысу аталады, бұрын көктемде ғана тасып, ағатын. Оң жақтағы, тереңірек, кең арнаны Көкше дейміз, Көкшетаудан шығады, екеуі қосылып, дәл осы күмбез түбінен Дағандел басталады. Дағанделдің жары биік, ол кезде суы да мол, біз машинамен жүргенде осылай, жоғары өрлеп, мына екі саладан жеке-жеке өтетін едік, бұл араны Бердіқожа өткелі дейтінбіз...”

Өзенге төне біткен биік қабақ, көлденең төбені әлденеше рет айналып шықтым, қайтадан батыр бабамның басына келдім. Жарықтық, қырық жыл бойы дерегінді іздеп едім, міне, енді маңдайым ашылып, басыңа жеттім... Мен күмбезді айналып, тасын ұстап, топырағын сипап жүргенде Өміртай бауырым оңды-солды суретке түсіре беріпті...

Не керек, мауқымызды басқандай болдық. Аруакты Бердіқожа батырдың күмбезі табылды. Ескіше Қарқаралы дуаны, Дағандел болысы, кейінірек Семей, Шұбартау ауданы, қазіргіше Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы. Алматыға оралған соң кең масштабты картадан қарасам, соңғы, 60-жылдардағы жаңа меже бойынша, Қарағанды облысының шегіне қиылып кетіпті, қазіргі облыстық шекарадан үш-төрт шақырым ішкеріде. Мейлі. Қай уәлаят десек те, қазақтың жері. Ел аман болса, әкімшілік бөлініс талай өзгерер, айнымас жер ыңғайымен айтсақ, ұлы Абайдың атасы Өскенбай бидің асы берілген Көкшетау мен ежелгі “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы Жорға тауының аралығында, Ащы және Көкше суларының құйылысы, Дағандел өзенінің бастауы, оң қабақ, биік төбенің үстінде тұр. Алаштың атақты батырының ең соңғы тыным тапқан жері – самалды Сары-Арқаның төсі екен. Өз елі, өз жерінде жатыр. Жай ғана жер емес. “Тауарих хамсада” айтылғандай, Абылай хан шүршітке қарсы қайыра аттанарда әскер жиып, күш топтаған Дағандел бойында! Отыз жылдан соң қайта айналып келіп, топырағын құшыпты.

Екі ғасырдан астам ұзақ уақыт бойында аты өшпеді, енді есімін қайта жаңғыртуға келіп тұрған ұрпақтары мынау. Бұдан артық не керек!

Көңіліміз өсті, мерейіміз көтерілді. Батырдың күмбезінен қырық қадам жерде, машинаның көлеңкесінде дастарқан жасалды. Жеңгелер мен келіндер – бірнеше үй қатарынан, барын салған екен, қоңыржай қырат, мол дастарқан басында, батыр туралы кеңесіміз одан әрі жалғасты. “Міне, осы Бердіқожа сияқты бабаларымыз кейінгі ұрпағы үшін жанын қиып, қанын төгіп, осыншама ұланғайыр жерді бізге нәсіп етіп кетті. Ұстап тұра алсақ жарар еді. Арамның аузына түспесе, әркімнің талауында кетпесе игі еді. Кен байлығымызды көрінген иеленіп жатыр дегенде, қалған жер сатылады дегенде жүрегім түршігеді. Сонда аталарымыз не үшін күресті?” – дейді Кенже аға. Кенжекеңнің әкесі Қашымашым, осы елдегі атақты зергер, ұста, жұрт атын атамай, дарқан дейтін, яғни, ұсталардың ұстасы, шеберлердің шебері; ғаламат әңгімешіл кісі еді, тұнған шежіре, менің атам Мағауиядан мүшел үлкен, екеуі ежеттес дос еді, жай уақыт тұрыпты, ұста дүкенінің өзінде кезектесе хикая шертеді, әңгімелері таусылмайды, қарғадай кезім, атамның қасынан қалмаймын, Қашекеңнің талай кеңесін құлағыма құйып едім, енді сол дарқанның, қазақтың кісілігі зор, ақылы мол, ескілікті қартының тұяғы Кенже аға айтқан аталы сөз мына Бердіқожа батырдың аманаты сияқты көрініп кетті.

Айтар әңгіме қаншама. Бірақ дәл осы жерде барлық лепес Бердекем турасында болуға тиіс. Мен батырдың басына келіп отырған бауырларыма ұзақ жылдар бойы іздеген, тірнектеп жинаған деректер негізінде Бердіқожа бабамыздың ерлік жолы және ерекше өлімі туралы әңгімелеп берген едім.

Ақын әрі ойшыл, қазақтың ескілікті сөзін жинақтап, хатқа түсіруші шежіре Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша және ел аузындағы әңгімелердің ыңғайына қарағанда, Шанышқылы Бердіқожа – Абылай хан заманындағы ең атақты батырлардың бірі. Абылайдың туы астынан табылуы – XVIII ғасырдың 50-жылдары деп шамалауға болады. Абылай ханның епті саясаты мен көрегендігі, ең бастысы – жеңісті жорықтар нәтижесінде Дүрбін-Ойрат біржола талқандалды. Ізінше, Қазақ Ордасы абыроймен аяқтаған Шүршіт-Қазақ соғысы басталды. Бердіқожа бұл ұрыстарға қатысты ма, қатыспады ма, тап басып айту қиын. Алайда, Абылай ханның Қоқанға қарсы 1766-1768 жылдардағы, Оңтүстікті түбегейлі тазартып, Ташкентті қайтарып алған жорығы кезінде оқиғаның бел ортасында жүргені анық. Әлбетте, бұл тазарту соғыстары бүкіл қазақ мүддесінен туындады, десе де, дәл осы өңірді қоныстанған шынышқылы, сіргелі, қаңлы рулары үшін өмірлік маңызы айрықша болатын. Бұдан соң, Абылай ханның 1770 жылғы, Қырғыз ұлысын қиратқан соғысына белсене қатысқаны анық. Үш Алаш бірдей майданға түскен “Шаңды жорық” – 1771 жылғы Торғауыт соғысынан да тыс қалмауға тиіс. Нақты дерек болмаса да сеніммен айтуымыз – Бердіқожаның эпикалық жырға тұлға болған, аңызға айналған атақ-даңқына ғана байланысты емес. Бердіқожа ғұмыр кешкен заман, ол қоныстанған мекен және тиесілі тарихи оқиғалар тізбегі ешқандай күмәнға жол қалдырмайды.

Нақты, жазба дерекке келсек, бізге жеткен тарихи мағлұматтар батыр өмірінің соңғы кезеңі – 1783-1786 жылдарға қатысты. Орыс әскерінің офицері, тарихшы әрі этнограф Иван Григорьевич Андреев “Қырғыз-қайсақтың Орта Жүзінің сыпаттамасы” деген еңбегінде таңбалап кетіпті. Сөз ыңғайына қарағанда, Бердіқожаны өз көзімен көрген. Батыр есімі аталғанда жаужүрек (храбрый) деген сөзді бірнеше рет қолданған, деректері анық, күмәнсіз.

“Шанышқылы руының ағасы Бердіқожа 1783 жылдың 13-июлі күні алғаш рет Семей қамалына келді, – деп жазады И.Г.Андреев. – Орыс шекарасына алғаш шығуы екен, бұрын қонысы шалғай болған. Комендант мырзамен әңгіме кезінде айтты. Орыс қолбасыларының лайықты қабылдағанына риза болды. Қамалға келіс мақсаты – Ресей шекарасын көру, орыс әскербасыларын, жалпы орыстарды көру екен...”

Осы орайда әуелі XVIII ғасырдың 80-жылдарындағы саяси ахуал туралы бірер ауыз сөз айта кету керек болады. 1781 жылы жазғытұрым Үш Алаштың Абылай ханы дүние салды. Сол жылы күзде болған құрылтайда Ұлы Жүз бен Орта Жүз түгел, Кіші Жүздің бір бөлігі – арнайы жіберген өкілдері арқылы Ұлы хан ретінде сайлаған Уәли шын мәнісінде Орта Жүздің ғана әміршісі болды, онда да көбіне-көп шартты түрде. Қазақ елінің Түстігі мен Шығыс бетінде өкім құрып отырған парасатты, байыпты Әбілфейіз дүние салған соң оның орнын басқан Ханқожаның қолында да нақты билік болмады. Кіші Жүздің қомақты бөлігіне өкім етіп отырған, мінезіне ерлігі сай Нұралының өрісін патша өкіметі бұрынғыдан әрмен тарылта түскен еді, ақыры 1786 жылы биліктен тайдырып, ішкі Ресейге жер аударды, оның орнын басқан Ералы қуыршақ ханға айналды. Сөйтіп, біртұтас Қазақ Ордасы ыдырап, жеке-жеке, үлкенді-кішілі ұлыстарға бөлшектенді. Ұлттық мемлекетінен айрылған, ел билеген ханынан көз жазған халық бұрын болмаған дағдарысқа түсті. Бірақ елдің кеудесі жоғары еді. Ендігі жерде әрбір ру, ұлыс өз тіршілігінің жайын өзі ойластыруға тиіс болды. Ханнан билік тайғаннан соңғы жерде бұрын екінші, үшінші қатарда жүрген қайраткерлер алға шықты, жекелеген сұлтандар, ру ағасы билер мен азаттық соғыстары кезінде абыройға жеткен батырлар шешуші күшке айналды. Бердіқожаның бір қауым елді бастап, Семей өңіріне дейін келуі – осы алас-күлес заманның бір көрінісі.

Бұдан бұрын, бүкіл Оңтүстік және Шығыс өңір ойраттан тазартылып, Жоңғар аймағының өзі босап қалғанда, ежелгі жора бойынша алаш ұлы байырғы ата-мекенде жаңадан орныға бастаған. Бірер күн, бірер жылда орныққан жоқ, әуелде соғыса отырып жылжыды, кейіннен үдере қозғалды, оңды-солды сапырылыса көшу өріс алды. Үлкен тайпалар тиянақты орын тапса, жекелеген рулар әрқилы кепке түскенін көреміз. Мұның айқын мысалы – үлкен көші Мұғажжар, Ырғыздан басталған тобықты руының неше толқып барып, ақыры Шыңғыстауға қоныстануы. Немесе, абақ жастабан керейдің бір бөлігі бегімбеттің орнығып қалған Ерен-Қабырғадан қайта шегініп, осы Шыңғыстаудың түстігі, Дағанделге қайтып келуі. XVIII ғасырдың соңы, тіпті, XIX ғасырдың бас кезіндегі

қазақ руларының орналасу ыңғайына қарасақ, кейінгі отырған қоныстарымен үнемі сәйкесе бермейтінін көреміз. Бердіқожа бастаған Шанышқылының жағдайы да осы сияқты. Кейін, Бердіқожа қаза тапқаннан соң, оның өркөкірек ағайындары батырдың кегін алуға екінші мәрте аттанады, жорықта кежір тарта берген Барақ ұлы Бөкей сұлтанға: “Бізбен бірге жүрмесең, сенің дәргейіңнен шығып, Ташкент тарабына қайтып ораламыз!” – деген бопса жасайды. Яғни, Бердіқожа жетелеген қауым – байырғы қонысы – Түстік өңірдегі шанышқылы руының бір бөлігі екендігі көрінеді.

Бердіқожа бастаған Шанышқылы табы малға бай, жылқысы көп, ұзын саны үш жүз шаңырақ деп жазады И.Г.Андреев. Шығандап көшу себебі – сырт жаулармен соғыста үлкен беделге жеткен батыр өз руының тоғышар басшыларымен бірлікке келе алмаған сияқты, Мәшһүр-Жүсіптен қалған әңгіме де осыған мегзейді, бірақ ең бастысы, әрине, “қара қазан сары баланың қамы үшін” жұрт қатарлы жайлы қоныс іздеу. “Он сегіз жыл бойы қырғыздармен шектес отырдық”, – дейді Бердіқожа. Жетісу өңірінде. 1765 жылдан бастап. Кейде тату, кейде қату. Ойрат біржола талқандалып, қазақтың құт мекені жаудан босаған кезде, Қазақ Ордасынан Ақтабан-Шұбырынды тұсында бөлініп кеткен Қырғыз ұлысы қайтадан қуат тауып, Алатаудан төмен түскен еді. Арыстан Абылай ханның қырғызға қарсы 1765, 1770 жылдарғы жойқын жорықтары аталас болса да аруағы бөлек ағайынды Алатаудан қайта асырып, екі елдің бүгінге жеткен табиғи шекарасын белгіледі. Бердіқожа бастаған бір бөлек шанышқылының Шыршық тарабынан Жетісуға өтуі – осы, әуелгі жорыққа жалғас екені көрінеді.

Алатаудан асырылған қырғыз Абылай хан өлгеннен соң қайтадан қазақ жеріне еміне бастайды. Міне, осы орайда Бердіқожа батыр бірталай майданды бастан өткеріпті.

Ежелгі түрік-моңғолда, кейінгі қазақта ат жалын тартып мінген еркектің бәрі жауынгер. (Орыс тарихшылары айтып, біздің тарихшылар күні бүгінге дейін ойсыз қайталап жүргеніндей, “ополченец”, яғни “халық жасағы” емес, кәсіпкер әскер, әйтпесе, жарты әлемді аяғына жыққан Шыңғыс хан түмендері түгел “ополчение” болар еді ғой). Бердіқожаның бірде бес жүз кісіні атқа қондырғаны туралы айтылады. Үйелменді қазақтың бір шаңырағынан үш-төрт азамат шығуы – табиғи жағдай. Яғни, бес жүз – берідегі сан. Үлкен майдан емес, әдепкі қақтығыста осы бес жүздің өзі әжептәуір әскер. Бірақ 80-жылдарда қазақтың бұдан жиырма-отыз, тіпті, он жыл бұрынғы жауынгерлік рухы төмендеген, оның үстіне, бірталай рулар жайланған, тоқмейіл тартқан, – жортуылшы, барымташы топтарға қарсы жаппай ұйымдасқан күрес жасамайды. Іргелес отырған наймандар қырғызға қарсы ұрыстарда ешқандай көмек бермеді дейді Бердіқожа күйініп.

Алаштың атақты батыры бірте-бірте Алатаудан алыстап, Сары-Арқаға ойысқанын көреміз. 1783 жылы көктемде Шыңғыстауға ілінеді. Сірә, қазір күмбезі тұрған Дағанделдің терістік беті, Ақбастау – Құсмұрын маңы болар. Бұл атырапта көшіп жүрген Ханқожа сұлтанды және

Әбілфейіздің басқа да балаларын Тарбағатай жаққа ығыстырып шығарды дейді И.Андреев. Осы шамада “Төресіз ел болмайды, – Төбесіз жер болмайды” , – дейтін ежелгі қазақ жолымен, кейінгі Алаш-Орда көсемі Әлиханнның бабасы – Барақ сұлтан ұлы Бөкейдің дәргейін қабыл көрген сияқты. Зады, Әбілфейіз ұлдарына қарсы күресте Барақ әулетіне арқа сүйеген. Және қаракесек, тобықты, керей руларының шектескен тұсында біржола орнығып, Орта Жүз құрамына енуге ниет еткен тәрізді. Бұл – Алаштың ежелгі салты.

Қазақта бір ғана атадан тараған “таза” ру жоқ. Ал Жүз – саяси және мекендік бірлік. Мезгілдік сыпаты тағы бар. Егер арыдан тартсақ, қыпшақ – Кіші Жүзде, жалайыр – Орта Жүзде болуға тиіс еді. Қоңыраттың Ұлы Жүзге біржола кіріге бастауы Совет заманында ғана тоқталды. Қаракесек Орта Жүзде де, Кіші Жүзде де бар, керек десеңіз бұрын алты ата әлім түгел қаракесек атанған. Абақ – Ұлы Жүздің басым көпшілік бөлігі және Орта Жүздегі керейдің жарымынан астамы, – екеуінің таңбасы бір. Найманның бір тармағы – қара керей, ескілікте кез келген ру ақ, қара, сары, торы, құба... деп бөлінгені белгілі. Сол, ежелгі керейдің бір бөлігі ескілікті керейт атауымен Кіші Жүз жетіруда жүр. Абақ керейдің бір арысы – жастабан, жетіру таздың бір атасы – жастабан... Мұндай мысалдарды ондап келтіруге болады. Алаштың ұлы біртұтас ел болып қалыптасуы да осы, ғасырлар бойғы үздіксіз ауыс, жұғыс, араластан туындаған. “Бәріміз Қазақ байдың баласымыз!” “Ұранымыз Алаш, керегеміз ағаш!” “Киіз туырлықты қазақпыз!” – ұлттық идеология болатын. Бүгінгі жетесіздер басқаша түсіндіргісі келсе, ол – отарлық, құлдық сана көрінісі. Құл – өзінің тумысын басқа құлдардан артық санайды. Ұл – бәрін тең санайды. Ұлдан шыққан сөз – Ұл туралы. Сойын тарихи куәлік үшін ғана айтып отырмыз.

Хош. Сөйтіп, Бердіқожа батыр өзінің етегінен ұстаған қауымды, бай, бағлан жұртын жайлы қонысқа қондырғысы келеді. Парасаты да, саясаты да жетіп жатқанын көреміз. Соның арқасында және “қарға тамырлы қазақ” жорасымен мақсат-мұратының үддесінен шыққандай. Алайда, қолы жеткен тыныш өмірге біржола бой алдырмаған. Абылай заманындағы ұлттық ұран көкірегінен өшпепті. Оқтын-оқтын Жетісу тарабына қайтып оралып, етекке жайыла бастаған, тіпті, Іле Алатауын көбелеп, Жоңғар жотасына қарай аяқ басқан қырғыз жасақтарын қиратып кетіп отырғанын көреміз. Бұл тарапта, бірде, тіпті, Іленің басын алып болған қытайлармен де мәміле тауыпты. Жорық үстіндегі шұғыл келісім бойынша, қытай әскері қырғызға Ілені бойлай шабуыл жасайды, ал Бердіқожаның өзі Аягөзге өткен қырғыз жасағын талқандайды. Бұл – 1785 жыл, қазан. Бердіқожа жалғыз шанышқылыдан емес, Орта Жүздің тағы бірнеше табы – жиыны жеті рудан қол жиған екен. Яғни, ағайын арасында атағы зор, беделі мол болды деген сөз.

Десе де, Бердіқожа іргелес отырған кезінің өзінде қытай шекаралық үкіметімен жарастық таба алмапты деп атап көрсетеді И.Андреев. Табиғи жағдай. Бердіқожа өзі соңынан ерген Абылай хан сияқты, үзеңгілес ағалары Қара Керей Қабанбай, Мүйізді Өтеген, Ер Жәнібек сияқты, ең

алдымен Қазақ еді, Алаш мұратын бәрінен де биік қойған, сол жолға барын салған.

“Ақыры, жаужүрек Бердіқожа өзі талай рет қиратып жеңген жабайы қырғыздан ажал тапты”, – деп жазады сол оқиғаны нақты куәгерлер арқылы өз құлағымен естіп, қағазға түсірген орыс әскерінің инженер-капитаны И.Г.Андреев.

Бұл кезде кең көлемді майдан болмағанмен, кезек шабыс, тынымсыз жортуыл тоқталмаған. Сырттай қарағанда, мал үшін. Шын мәнісінде мал – қосалқы ғана мақсат, күн тәртібінде Жетісуға кім ие болады деген мәселе тұрған. Ол кездегі қазақтың ұлттық санасы қазіргіден жоғары. Ең алдымен өз ұлысының қамын ойлаған. Бүгінгі қара қазан ғана емес, ертеңгі сары баланың қамы. Болашақ ұрпақтың мұраты. Ақыры, осы тынымсыз қақтығыстар, ығыстыру, дүмпу нәтижесінде Абылай хан тағайындаған шекара – Алатаудың жотасы біржола бекіді (ал кейінірек, бір жақтан Қоқан қысқан алмағайып кезеңде қолдан шыға бастаған Қордай – Меркі тарабын Кенесары хан қайтып әперді). Яғни, Бердіқожаның қаны тегін кеткен жоқ.

Оқиға былай болған екен.

Жүз қаралы аламан Жетісудың қырғыз тарабына аттанбақ болады. Бастап жүр деп, Бердіқожаға қолқа салады. Батыр осының алдында ғана бір жаман түс көрген екен, барғысы келмейді, бірақ көптің көңілін қимай, бірге аттанады. Бұлар Жетісу өзеніне, жабайы қырғыздардың шегіне жеткен соң, – деп жазады И.Андреев, сірә, Іле болса керек, аялға тоқтайды. Сөз ыңғайына қарағанда, жүз жігіт түгел емес, оның Бердіқожа бастаған шалғыншы бір тобы ғана. Жау алыс, кейінгілерді күтіп, аттарын отқа жіберіп, қамсыз жатады. Осы кезде, дейді И.Андреев, жабайы қырғыздардың бір жасағы, шамамен сексен адам, олар да аттанысқа шыққан екен, қос тігіп, жайланып жатқан қайсақ-қырғыздардың үстінен түседі. Және ұйқыда басыпты. Әуелі аттарын қуып әкетеді, содан соң ұйқылы-ояу, жаяу-жалпылы қайсақтардың көбін өлтіріп, ішінде Бердіқожа бар, бірнеше адамды тұтқынға алады. Ойламаған жерде мол олжаға кенелген қырғыздар ат басын кері бұрыпты. Сірә, қашып кетпес үшін, Бердіқожаны бір қырғыз артына мінгестіріп алады. Жолай, дәл осындай аттанысқа шыққан тағы бір қырғыздар кездеседі. Бердіқожа батыр бұлардың өзара әңгімесінен Есенгелді деген манаптың айылына барған соң, өзінің өлтірілетінін құлағы шалып қалады. Ажалы жеткенін және оған қарсы тұрар ешқандай амалы жоғын білген соң, Бердіқожа батыр, жастығымды ала кетейін деп, сірә, етігінің қонышында сақталып қалған қанжарымен алдында отырған қырғызды жарып өлтіреді. Әлбетте, қашып құтылуға қарекет жасады, бірақ қырғыздар қамалап ұстап алады. Сол арада басын шабады, аяқ, қолын кеседі; қарнын жарып, осы, бөлшектенген мүшелердің барлығын ішіне салып кетіпті, деп жазады И.Г.Андреев. Бұл – ерекше өшпенділіктен туса да, шетін жағдай емес. Кенесары ханды да осылай өлтірген, Наурызбай батырды да, олардың соңынан ерген отыз бес сұлтан, Алмалы сайда қолға түскен мың қаралы қазақты түгел осылай құрметтеген. Қайта, Бердіқожаның жолы жеңіл

болыпты, тірідей шегін суырған жоқ, етінен ет кесіп, қабырғасын шабақтап, қазанға қайнатқан жоқ, қапыда қалса да қан майданда қазаға ұшырапты. Солай деп сендік. Кім біледі, қарусыз батырды әуелі тас қылып байлап, содан соң кейінгі ұрпағы көрген азапты түгел атқарған шығар. Қайткенде де, осыншама қорланған мәйітті ит-құс жесін деп, далаға тастап кеткен. Мұндай сұмдықты көрген қайсақтардың екінші бір бөлігі жабайылардың соңынан қуа шығып, ұрысып, жеңіп, әлгі аталған Есенгелді манаптың ұлын тұтқынға түсіріпті деп жазады И.Андреев. Батырдың сүйегін алып, манаптың тұтқын баласын алып, елге қайтады. Ауылға жетіп, қаралы хабарды естірткен соң, боршаланған денені көрген Бердіқожаның қатындары манаптың тұтқын ұлын пышақтап өлтіріпті. Батырдың артында інісі Секлоян (Секержан, Серкежан, Серікжан?) және төрт ұл қалды, үлкені – Лепес, енді бірі – Шоқ, қалған екеуінің есімі туралы дерек алынбады деп жазады осы қанды оқиғаны қағазға түсірген, Бердіқожа батыр туралы қаншама құнды мағлұмат жинастырып кеткен, жерлесіміз деп айтайық, Сібірде туған, қазақ даласының талай түкпірін аралаған, әскери өмірін ғана емес, одан соңғы зейнет кезеңін де Семейде өткерген, сонда жерленген орыс әскерінің инженер-капитаны Иван Григорьевич Андреев өзінің “Қырғыз-қайсақтың Орта Жүзінің сыпаттамасы” атты аса құнды тарихи-этнографиялық еңбегінде. Бұдан соңғы біз білетін бір дерек – Бердіқожаның соңынан ерген азғана Шанышқылы бас батырынан айрылған соң көш сапарын одан әрі жалғастырып, Шығыс Түркістанға өтіпті. Бүгінгі абақ керей, жантекей ішіндегі шанышқылы деген ата – сол қауымның ұрпағы, өздерін Қазақпыз, керейміз, аруақты Бердіқожа батырдың әулетіміз десе керек. Ғылым академиясы қорындағы “Бердіқожа батыр” жыры да бізге сол тараптан жетіпті. Батыр есіміне қатысты тағы қаншама әңгіме табылса таң емес.

Енді не қалды? Иә, Бердіқожа батырдың қазасы – 1786 жылы қаңтарда. Мәйіт бұзылмайтын қыс кезі, әрі И.Андреевтің нақты куәлігі бар. Яғни, жалғыз саусақтың жерленуі туралы әңгіме – бір жағы әсіре аңыз, екінші жағы – батырдың дене мүшесі тегіс боршаланған жан түршігер оқиғаның бейнелі көрінісі. Бердіқожаның жоқтауынан қалған, Мәшһүр-Жүсіп жеткізген бәйіт:

“Мінгені Бердекемнің Қара ала аяқ,
Жау шіркін кескілепті-ау аямай-ақ...”

Арманы жоқ. Батыр – жаудан өледі деген. Ер мұраты да сол екен.

Орайлас әңгіме. Абылайдың күні бүгінге дейін танылмай жатқан қолбасыларының бірі, Әбілпейіз ханнан соң, қалған елін осы Шұбартау өңіріне орнықтырған Жаназар батыр қартайып, дерт мендеген кезінде: “Тағдырымнан озбайын, ата жорасымен жаудан өлуім керек!” – деп, Қара Ертістен өтіп, ұраңқай, дүрбітке аттанған екен. Жаумен беттескенде жасағын қаңтарып қойып, жалғыз өзі тиіпті. Бір өзі бесеуін түсіріп, он найза, қырық қылышқа қатарынан ілініп, шәйіт болған. Батырдың сүйегін

қалған әскері алып шығады, күн жаз екен, дәл сол күні жауған нөсер жауынмен жуып, арулап, Алтайдың төсіне қойған екен дейді.

Бәлкім, жаман түс көрген Бердіқожа батыр да өзінің тағдырына қарай қадам басқан шығар. Ақ өлім. Енді міне, Сары-Арқаның төсінде, бір кезде Абылай ханның туының түбінде, басқа да арыстармен бірге, көпе-көрнеу ажалдан қаймықпай, қазақ жерінің шегіне енген шүршіт – жер қайысқан қытайға қарсы серпіле аттанған құтты мекен – Дағандел өзенінің бастауында, самалды қырқа басында тыным тауыпты. Қайран Бердекем!..

Сен жатқан төбеде тұрып, жан-жағыма қарасам, таяу төңірек, көз жетер жер түгел елсіз. Баяғы ойрат шапқынынан соң, кешегі 32-жылғы ашаршылықтан соң үшінші мәрте иен қалыпты. Асса, сен көрген көші-қон шығар, елдің іргесі аман болса, шайқалып барып орнына келер. Иә, Бердекем... Сенде мұң бар. Басыңда тұрғанда жүйке-жүрегіммен сезіндім. Еліме ақырына дейін қорған бола алмадым дейсің. Болдың. Арманыма жетпедім деп өзің де айтпассың. Менің жар құшып, бала сүйіп, Кісі болуым Сенің арқаң. Қазақтың Ел болып сақталуы, бүгін жаңа заманға қадам басуы – Сенің арқаң. Сен – жаужүрек, жанкешті Бердіқожа – жеке батыр емессің, Сен – Абылай, Сен – Қабанбай, Сен... Сен – Алаш деген жұрттың өзегісің. Бір анадан тудың, бар қазаққа қызымет еттің. Сол жолда жаныңды қидың, қаныңды төктің. Бірақ өлген жоқсың. Жапанда қалдым деп жалғызсырама. Сен – мәңгі жасар Алаштың Өзісің!

Ақ сирақ кара тұлпарға мінген, жауына қырғидай тиген қайран Бердекем! Ардақ тұтқан жұрттың сол жылы жазда жұмыла кірісіп, басыңа осы өңірде болмаған үлкен күмбез тұрғызыпты. Қазақпен қатарлас талай жұрттың елесі де қалмаған ұзақ екі ғасыр – жүз он төрт жылда тозып, мүжілсе, уақа емес. Аруағыңа бағышталған, бұдан да үлкен белгі бар. Ол – тарихтағы таңба. Әуелгі ақын жоқтау шығарды, одан соңғы ақын жыр толғады. Менің қолымнан келгені – осы шағын мақала ғана. Енді атың өшпес, атақ-даңқың көтеріле берер!

Бердекемді тағы бір айналып, қимай қоштастым. Атаулы өткелін кесіп өтіп, Дағандел өзенін құлдай жүрдік. Әжептәуір ұзап, қырқаға шыққан кезде оң қапталда, төбе басында қалған көне күмбезге көзім түсіп еді. Бұрынғыдан да аумақтанып, зорайып көрінді.

Топырағың торқа болсын, аруақты батыр бабам!

1999.